

Техникалық сипаттама

(ЛОТ №26)


№	Атауы	Сипаттамасы	Саны
1	Портативті флуоресценттік анализатор	<p>Жартылай автоматтандырылған диагностикалық анализатор канда, зәрде немесе басқа үлгілерде кездесетін анализтердің концентрациясын сандық немесе жартылай сандық түрде анықтайды. Құрылғы жетілдірілген пайдаланушы интерфейсі мен дисплейімен, сондай-ақ кең тестілеу ауқымын қамтамасыз ететін заманауи оптикалық жүйемен жабдықталған. Бұдан бөлек, анализатор деректерді енгізу тиімділігін арттыру және сымсыз байланысқа қосылу мүмкіндігі үшін арнайы аксессуарлар арқылы жұмыс істеуге бейімделген. Құрылғы аккумуляторлық батареялар арқылы портативті режимде жұмыс істей алады, бұл оны РОСТ (орнында талдау) құралы ретінде пайдалануға және зертханада электр қуаты үзілген жағдайда да сенімді жұмысын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.</p> <p>Техникалық сипаттамалары: Тест түрі: сандық Жарық көзі: лазерлік диод және LED Дисплей: 7 дюймдік түрлі-түсті сенсорлы LCD Калибрлеу: автоматты калибрлеу Жад: 1000 нәтижеге дейін / 500 жүйелік нәтиже / 1000 бақылау; 500 ID чипке дейін жад Үлгі түрлері: толық қан, сарысу, плазма, зәр, нәжіс (тест түріне байланысты) Интерфейс: 4 USB порты, LAN порты, USB OTG порты Принтер: кіріктірілген термопринтер Жұмыс температурасы: 15–35°C Мобильділік: аккумулятор арқылы жұмыс істеу мүмкіндігі (12В) Электрмен жабдықтау: 1,5В x 4 батарея, 100–240В ~ 50/60Гц, 1,8А; адаптер 12В/5А Өлшемдері: 276 × 220 × 91 мм Салмағы: 1,3 кг</p>	2
	Барлығы		2

Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры



А.Ошибаева

Ғылымды дамыту жөніндегі жобалық кеңсе басшысы



А.Айымбетова

Ғылым департаментінің жетекші маманы



Т.Джатаев

ТӨЛЕМ ЖӘНЕ ЖЕТКІЗУ ШАРТТАРЫ

Құны және жеткізу шарттары

Тауардың құны барлық салықтар мен алымдарды, соның ішінде қосылған құн салығын (ҚҚС), сондай-ақ жеткізуді жүзеге асырумен байланысты барлық ықтимал төлемдерді, баж салығын, көлік және өзге де шығындарды қамти отырып, сатып алушының қоймасына дейін жеткізу шартымен көрсетіледі.

Егер жеткізілетін тауардың ерекшелігі қосымша жұмыстар мен қызметтерді жүргізуді талап етсе, тауардың құнына **міндетті түрде барлық қажетті қызметтер**, соның ішінде монтаждау, іске қосу-баптау жұмыстары және тапсырыс беруші персоналын пайдалану және қызмет көрсету ережелеріне оқыту қызметтері **енгізілуі тиіс**.

Сәйкестік және тауар сапасы

Жеткізуші жеткізілетін тауарды Қазақстан Республикасының аумағында пайдалануға қажетті **барлық рұқсаттар** мен сәйкестік құжаттарының бар екенін растайды және оған кепілдік береді. Тауар Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын санитариялық-экологиялық, табиғатты қорғау және өзге де нормативтік талаптарға толық сәйкес келуі, сондай-ақ қолданыстағы заңнамаға сәйкес барлық сараптамалар мен сынақтардан өтуі тиіс. Аталған талаптардың сақталғаны тиісті құжаттармен расталуы қажет. Жеткізілетін тауар жаңа, пайдаланылмаған, ақаусыз және үшінші тұлғалардың қандай да бір құқықтарымен ауыртпаланбаған болуы тиіс.

Кепілдік міндеттемелер

Жеткізілетін тауарға кепілдік мерзімі оны пайдалануға берген күннен бастап кемінде 12 (он екі) айды құрауы тиіс. Техникалық қызмет көрсету жұмыстары пайдалану құжаттамасының талаптарына сәйкес орындалу қажет.

Төлем шарттары және аванстық төлем

Аванстық төлемнің мөлшері келісімшарттың жалпы сомасының 50 %-на дейін болуы мүмкін. Аванс мөлшері тапсырыс берушінің сатып алу комиссиясының шешімімен университеттің ішкі ережелеріне сәйкес айқындалады.

Сатып алушы жеткізушіден аванстық төлем сомасына баламалы мөлшерде қамтамасыз ету құжатын ұсынуды талап етуге құқылы.

Қамтамасыз ету құжаты төмендегі нысандардың бірінде ұсынылады:

- Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген және банк қызметін жүзеге асыруға жарамды лицензиясы бар екінші деңгейдегі банк берген қайтарып алынбайтын банктік кепілдік;
- Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген және сақтандыру қызметін жүзеге асыруға жарамды лицензиясы бар сақтандыру ұйымымен жасалған жеткізушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шарты.

Жеткізу мерзімі

Тауар келісімшартқа қол қойылған күннен бастап 60 (алпыс) күнтізбелік күннен кешіктірілмей жеткізілуі тиіс.